

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

[3]. Басқа сөзбен айтқанда, Ақан сері – өмір мен өнер торабындағы қиындыққа төтеп бере жүріп, тұла бойына асыл мен іңкәрлықты жинай алған.

Ақан сері – қазақ әншілік өнерінің биігіне шыққан, ғажайып сазгерлігімен, саятшылығымен, атбегілігімен, дархан мінезімен, кербез де керім тұлғасымен ұлттық өнер деген сөздің синониміне айналған синкретті тұлға. Сол тұлға қазақ көркем прозасының асқақ туындыларының жазылуына себеп болды және алдағы уақытта да негіз бола береді деп сенеміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қабдолов З. Сөз өнері: оқулық-монография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
2. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2019. – 334 б.
3. Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2013. – 384 б.
4. Жүнісов С. Ақан сері: роман. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2011. – 480 б.
5. Әлімқұлов Т. Шығармалары. III том. – Алматы, 2013. – 380 б.

ӘОЖ 17.2

### **БЕЙНЕ-ПЕРСОНАЖДЫҢ МӘТІН КЕҢІСТІГІНДЕ ТАСЫМАЛДАНУЫ**

**Досан Гауқар**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. профессор Қ.М.Байтанасова

Әдеби бейне - әдебиеттанудағы ең басты терминдердің бірі. Қазіргі көркем туындының тақырып аясы кеңіп, бейнелер жүйесі толысты. Әдеби туынды кеңістігіне әр қилы, алуан келбетті кейіпкерлер келді. Бейне жасаудың жаңаша сипаттары қалыптасты. Бүгінгі күн тақырыбын көтерген қаламгерлер кейіпкерінің ішкі әлемінің қайшылығына, моральдық, эстетикалық сипаттарына терең үңіле отырып, сан алуан қасиетке ие бейнелерді әкелді. Тәуелсіздік кезеңінен кейінгі көркем туындылардың құрылымында жаңа сюжеттік-композициялық ұстаным орнықты. Оның басымдығы автор-кейіпкер арақатынасынан байқалды. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерінің ірі сюжеттік емес, эпизодтық әрекеттері арқылы да өзінің мұратын айқындап отырады. Бұл әсіресе, жекелеген тұлғаларға арналған туындыларда көбірек аңғарылады. Тіпті автордың қатысуынсыз тек кейіпкерлер ғана топтасқан кеңістік те көрініс береді. Бұл тұрғыда әдеби бейненің деңгейлік ерекшелігі айқындалады. Кейіпкер тұлғасы әдебиеттанудың қай бағытында да классицизмнен бастап зерттеу нысанына алынып келген.

Кейіпкер ұғымы - (бет, кейіп, маска) көркем бейненің түрі. Ол әдеби туындыда кездеседі. Әдебиеттануда кейіпкер әрекеттің, көңіл-күйдің, пікір мен көзқарастың субъектісі ретінде қарастырылады. Осы мағынасында ол әрекет иесі, әдеби қаһарман, персонаж деген ұғымдардың да мәнін ашады. Яғни персонаж, әдеби кейіпкер, әрекет иесі – бір-біріне синонимдес категориялар. Персонаж ұғымы әдебиетте мейлінше бейтарап мағынада қолданылады. Ежелгі өнерде persona «маска» дегенді білдіріп, өзге қосымша мағыналық мән иеленбеген. Ол кезде герой деген сөз бойында ерлік, қаһармандық сипат байқала қоймайтын қатардағы кейіпкерлерге қолданыла бермеген. Сөйтсе де бұл ұғым шығармадағы оқиғаның қозғаушысы дегенді білдірген. Әдеби персонаж – адам. Персонаждың қаншалықты тәптіштей суреттелуі оның кейіпкерлер жүйесіндегі алатын орнына, әдеби тек пен жанрға байланысты. Әрі көп жағдайда кейіпкерді суреттеу ерекшелігі шығарманың мәніне, қаламгердің шығармашылық әдісіне қатысты. Көркем мәтінге адам бейнесінен басқа аңдар мен жануарлар, өсімдік, заттар, табиғат құбылыстары, фантастикалық бейнелер және тағы басқалар қатысып, көбінде бұл аядағы кейіпкерлер ұлт әдебиетіндегі мәңгілік бейнелер болып қалады. Осы ретте

әдебиетте персонификация ұғымының орнықтылығы мәлім. Яғни концепт әр ұлттың мәдени танымында дербес әлемді (кеңістік) қалыптастырады. Концепт ұғымы көркем ойлау нәтижесінде қандай да бір бейнелерді (образ) тудырады. Өз кезінде академик Д.Лихачев концептілік өріс мәселесі туралы айтқанда да, адамның ойында пайда болған ұғым ойлау процесі арқылы бір заттың әр тарапты мәнін ашатындығын тұжырымдаған еді [1]. Ендеше, кейіпкерлердің характері мен түрлерін жүйелеу – әдебиеттанудың да, мәтінтанудың проблемасы. Өз дәуірінде қалам иелері өз дәуірінің шындығын көркем суреттеумен қатар, өшпейтін, ерекше бейнелерді тудырды. Мәселен, М.Мағауинның «Шақан шері», К.Сегізбаевтың «Аюдың өті», А.Алтайдың «Алтай балладасы» шығармаларындағы қаһарман табиғатына тоқталғанда, біз тек адам бейнесі ғана емес, табиғаттың түз тағысы - аңдар мен жан-жануардың көркем кейіпкерге тән бейнелері де автор идеясын, позициясын, шығармашылық тұлғасын айқындауда маңызды роль атқарғандығына көз жеткіземіз. Ғалым М.Оразбек: «Қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің «Көксерек», М.Мағауинның «Тазының өлімі», С.Шаймерденовтің «Марғау» тағы басқа шығармалардағы ит-құс, аңдар тіршілігі астарында автордың тұспалды ойларының да орын алғандығы мәлім. Тіпті, автордың түпкі идеясы адамдар тіршілігін символдық бейнелермен меңзеу екенін немесе хайуан өмірімен салыстыра бейнелеу, ал кейде адамның соншалық қажыр-қайраты мен кек қуудағы тағы хайуанаттан да асып түскен шексіз өлермендігін де айқындау мақсатын ұғамыз. Бірақ жабайы аң, құс, хайуанның өзіне тән тағылық табиғаты мен күрделі психологиясын терең түйсіну арқылы олардың айрықша қасиетін білгірлікпен сезіне суреттеуінен әр жазушының дара шығармашылық танымы, авторлық позициясы, субъективті көзқарасы, соны стильдік ерекшелігі де танылады», - дейді [2, 89].

Қаламгер әдеби кейіпкерді жасауда оның бойына әр түрлі сипатты енгізеді: біржақты немесе көпжақты, тұтас немесе қарама-қарсы, статикалық немесе динамикалық, ұнамды Характер – белгі, ерекше мінез – бұл қоғамдық мәні бар сипат, адам бойындағы толыққанды қасиетті көрсетеді. Характердің жоғары деңгейде көрінуі – тип. Характер мен тип синоним мәндес сөздер. Ал «персонаж» бен «характер» бір-біріне тең ұғымдар емес, бұл туралы өз кезінде Аристотель де айтқан: «Әрекет иелерінде еріктілік басым болса, бұл сипат характерді айқындайды» [3]. Әдеби туындыда характерді сипаттау оның негізгі мазмұнын құрайды. Осы ретте персонаж бір жағынан, характер, екінші жағынан сол характерге қандай да бір эстетикалық деңгей беретін көркем бейне болады. Характер мен персонаждардың саны көркем шығармада бірдей болмайды, персонаждар көбірек болады. Өзіндік характері айқын байқалмаса да, мәтінде тек сюжеттік рөл атқаратын кейіпкерлер болады. Кейде персонаж кейіпкер-прототип, кейіпкер-елес, егіз-кейіпкер түрінде бейнеленеді. Кейіпкерлердің осы жіктелісі әрі қарай олардың дербестік сипатына әкеледі. Себебі персонификацияның орнығуы – характер жасаудың ішкі заңдылығы. Осы ретте, көркем туындылардағы кейіпкерлердің көріну жүйесін дәйектеу маңызды. Ғалым Г.Э.Лессинг «Гамбургтік драматургия» деп аталатын еңбегінде: «Адамның характері тіпті еш мардымсыз әрекеттер арқылы да айқындалып жатады. Поэтикалық бағалау тұрғысында қандай да маңызды әрекет - ол тұлғаның характеріне тән ерекшелікті ашу», - дейді [4]. Лессингтің осы пікіріне көптеген жазушылар, сыншылар, эстеттер әдіснамалық тұрғыда қосыла алар еді. Себебі, персонаждың дербес әрекеті авторға кейіпкерінің характерін ашуға мүмкіндік береді. Сол сияқты персонаждың характерін ашуға көркем туындыдағы бірқатар компоненттер: сюжет, тілдік сипат, портрет, интерьер және тағы басқалар қатысады. Бұл кезде персонаждың характер ретінде қабылдануы бейненің толыққанды көрінуін қажет етпейді: жоғарыда аталған мәтіндегі ұғымдар кейіпкердің болмысын ашуда басымдыққа ие болады. Сондықтан біз кейіпкерді даралау кезінде осы жүйелерді кешенді алуға тиіспіз.

Характер терминін түсінудегі ең үлкен айырма - ол автордың қабылдауымен әр түрлі дәуір мен ұлттық сипат жағдайында нақты қабылданады. Бір типті персонаждардың болуы әдебиеттанушыларға оларды түрлерге жіктеуге мүмкіндік береді. Қаламгерлер өздеріне жақын кейіпкерлерді сомдау арқылы олардың түріне, характеріне, қайта оралып, жаңа қырлары мен сипатын ашып, эстетикалық тұрғыдан жетілдіріп отырады. Осыған байланысты

персонаждардың сюжеттік қызметі ХХ ғасыр әдебиеттануының арнайы бағытының біріне айналды. Бұл проблеманың қозғалуын орыс әдебиеттанушылары В.Я.Пропп, В.Б.Шкловский; француз структуралистері А.Ж.Греймас, К.Бремон, Р.Барт еңбектерінен көруге болады. Адам баласының жалпы қасиеті, мықты немесе әлсіз тұстары, оның жан-жақты сипаты адамзат дамуының қай кезеңінде де қарастырылып келген. Софоклдың «Антигонында»: «Әлемде қаншама ұлы күштер бар, солардың ішінде адамнан мықтысы жоқ», - делінеді [5]. Адам баласы табиғаттың тылсым күштерімен күресті, жер бетіндегі қаншама апаттың алдын алды, жерді өңдеп, үй салды, жабайы аң-құстарды қолға үйретті, тіл мен сананы меңгерді. Солай бола тұр адамның ұлылығы, күштілігі кейде қайырымдылықты зұлымдықтан, жақсыны жаманнан айыра алмайды.

Адам баласының ерекшелігіне оның танымы мен сезімінен басқа, әрекеті, өмір сүру дәстүрі, мінез-құлқы енеді. Әрі ол үнемі өзгеріп, толысып отырады. Адам пайда болған кезден жоғары, орта, төмен деңгейлерге бөлініп қойылған. Сондықтан да адам баласы өзін өз еркімен осындай образдардың біріне қояды. Адамзат - көптеген ғылым саласының: психология, әлеуметтану, медицина, экономика, этнология тағы басқаларының зерттеу нысаны. Бұл ғылымдар адамды мінез-құлқы, темпераменті, интеллектісі, ұлты, тегі бойынша зерттейді. Ендеше, адамның болмысы өзгермелі. Сондықтан адамның жасы, әлеуметтік ортасы, айналамен қарым-қатынасы, білімі, интеллектісі динамикалы болады. Сол себептен оларды талдау мәтіннің тұтас құрылымымен бірге өріліп отырады.

Әдеби туындылардағы кейіпкерлер оқырманның басты назарында болады. Көркем шығармада адам бейнесінің суреттелуі әр түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Ол кейіпкер, баяншы-әңгімеші, лирикалық кейіпкер, персонаж. Персонаж терминінің синонимдік қатарына «әдеби бейне», «әрекет иесі» деген сөздер енеді. Алайда бұл ұғымдардың жанама мағыналары да бар. Мәселен, «герой» сөзінің позитивті мағынасы басым болады да, оның ерекше болмысын танытады. Ал әрекет иесі деп кейіпкердің өзіндік дербес сипат арқылы танылуын айтамыз. Персонаж - бұл қаламгердің таза ойынан туған немесе шынайы адамның толыққанды, көркемделген бейнесі. Персонаждың екі сипаты бар: біріншіден, бейнеленетін оқиғаның субъектісі, екіншіден, сюжетті құрайтын әрекеттің негізі. Персонаждың осы сипатын ғалым Пропп өзінің белгілі «Морфология сказки» (1928) еңбегінде көрсеткен. Ғалым ертегі кейіпкерлерінің қандай да бір тұрақты функция атқаратыны туралы айта келе, ертегі кейіпкерлері негізінен оқиғаларды өрістететін фактор дейді [6]. Персонаж әрекет иесі ретінде көп ретте актант (латынша «әрекет етуші») терминімен беріледі. Екіншіден, персонаж шығарма құрылымында сюжетке тәуелсіз дербес рөл де иеленіп, оған тұрақты, өзгермейтін қасиет тән болады. Персонаждар әрекеттері, мінез-құлқы және ортамен қарым-қатынасы арқылы сипатталады. Осы қасиеттердің бәрі әдеби шығармадағы (шынайы өмірдегі сияқты) белгілі бір, айқын теңдей оқиға өтетін – орталықты құрайды. Мұны ғалым М.Бахтин «тұлға ядросы» десе, А.Ухтомский «адам интуициясын анықтайтын соңғы доминант» дейді [7]. Осы ретте, адамның санасы мен мінез-құлқының негізін таныту үшін бағалы бағдар ұғымы кең қолданылады. Э.Фромм: «Бағалау бағдарынсыз немесе координат жүйесінсіз бірде-бір мәдениет болмайды, әрі ол әрбір адамда болуға тиіс», - деген [8]. Бағалау бағдары (немесе өмірлік позиция) барынша әр текті және көп тарапты. Адамның санасы мен мінез-құлқы діни-имандылық, моральдік, танымдық, эстетикалық құндылықтарға бағытталуы мүмкін. Олар инстинкт сферасымен, адамның ғұмырымен, тұлғалық, физикалық және рухани құндылықтарымен байланысты. Позиция мен бағдар шынайы және ойдан шығарылған күйде көп ретте идея мен өмірлік бағдарлама түрінде болады. «Кейіпкер-идеологтар» зерттеуші М.Бахтиннің пікірінше романтикалық және романтизм дәуірінен кейінгі әдебиетке тән. Алайда құндылық бағалау рационалдықтан тыс, интуитивті, шартты болып келеді. Әрбір дәуірде әр ел әдебиетіндегі кейіпкерлер алуан түрлі болады. Сөйтсе де кейіпкерлер жүйесінде қайталау, ұқсастық, жанр түрлеріне қатысты өзгешеліктер орын алады. Түптеп келгенде осының бәрі болмыстағы адамның табиғи сипатына тән. Кейде әдеби шығармаларда өз дәуірінен озық тұратын, уақыттан тыс кейіпкерлер де кездеседі. Әрине, бұл түрдегі кейіпкерлер көп емес. М.Бахтин, оның ізінше Е.Мелетинскийлердің байқауынша, көркем

әдебиетте мыңдаған жылдар бойы өзіне, күшіне сенімді, өзінің бастамашыл рөлін жоғары қоятын авантюрлық-кейіпкерлер басым болды. Олар өздерінің тұлғасын ерекше қызметі, мінезі, ізденімпаздық және шешімді әрекетке жақын болмыстарымен көрсетті. Олардың өмірлік ұстанымдары биік мақсаттарға құрылып, олар негізінен күрескер, белсенді, нақыт әрекетке жақын адамдарды құрады. Мұндай кейіпкерлер жеңіске, жасампаздыққа құмар болды, өздерін айналасына ерекше, дара етіп көрсетуге тырысты. Бұл кейіпкерлердің ерекше әрекеті сыртқы ортамен байланысты болды: олар жалпы бұқараға қызмет етуден бастап жеке басының мансабы үшін де күресе алды. Қазақ әдебиетінің әр кезеңде жарық көрген шығармаларында көркем бейнелер алуан түрлі мақсатта сипатталды. Олардың дербес сипатынан бастап, орта, қоғам үшін атқарған қызметтеріне дейін бейнеленіп, адами қалпы, кісілік келбеті, оң, теріс мінез-қасиеті бейнеленіп, автордың позициясы анықталып отырады. М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесіндегі Қасымды: «Сырт пішіні момын сияқтанады. Бірақ ішіне ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге, дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық нығайып орнай бастады. Бұл мінез өсіп, күшейіп, ішіне мұздай болып қатқан сайын, Қасым ашулы болып, қаны бұзыла бастады. Оның үстіне үнемі аштық, күтімсіздік, ауыр жұмыс қосылып, ойын шатастыра берді», - деп суреттеуі арқылы қаламгер қазақ қоғамындағы қатыгездік, дүниеқорлық, надандықтың жас ұрпақтың психикасының бұзылуына әсер ететінін анық байқатады [9, 89]. Күтімсіздік, ауыр жұмыс, туыстарынан таяқ жеу баланың қанын бұзып, ойын шатастыруға алып келгенін көрсетеді. Осы ретте, кейіпкерлердің көркем туынды кеңістігінде көрінуінің алуан түрлі әдіс-тәсілдерін (модификация) жаңаша бағамдаудың маңызы үлкен. Қазіргі әдебиеттануда көптеген жанр түрлеріне, әдеби кейіпкерге қатысты тұрақталған ұғымдардың мәні өзгере бастады. Кей ретте роман санатындағы Көркем туындының көлеміне қарай кейіпкерлердің деңгейі, маңызы ашылады. «Персоносфера дегеніміз – әдеби, тарихи, фольклорлық, діни кейіпкерлердің кеңістігі. Бұл тұста тек ұлттық персоносфера туралы ғана емес, жеке адамдардың, белгілі бір әлеуметтік топтың, трансұлттық, күллі адамзаттық кейіпкерлер өрісі туралы да айтуға болады», - деген зерттеуші Г.Хазагеровтің тұжырымына сүйенсек, кейіпкерлердің әдеби шығарма кеңістігіндегі көрінуі кең әрі зерттеу әдіс-тәсілдері де алуан түрлі. Ұлттық әдебиеттануда кейіпкер проблемасы сөздіктерде (Әдебиеттану. Терминдер сөздігі; Гуманитария. Анықтамалық), жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде (Г.Пірәлиева, Т.Есембеков, Ж.Аймұхамбет) қарастырылып, кейіпкер тұлғасы, автор-кейіпкер-оқырман, кейіпкер психологизмі, персонаж архетипіне байланысты тиісті тұжырымдар жасалғаны белгілі. Әдеби туындылардағы кейіпкерлердің бейнелену дәрежесі, сюжет пен композицияға ықпалы, қаламгердің ұстанымын айқындаудағы рөлі – әдебиеттанудағы басты проблемалардың бірі. Ал, әрбір туындыдағы кейіпкерлердің болмысын танып-білу – мәтіннің толық құрылымын білуге көмектеседі.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Концептосфера русского языка/ Д.С. Лихачев. Русская словесность. Антология/ Под ред. В.П.Нерознака. – М.: Академия, 1997. 287 с.
2. Оразбек М. Автор позициясы. Монография. – Алматы, 2019
3. Аристотель. Аналитики. – Минск: Современное слово, 1998. – 448 с.
4. Лессинг Г.Э. Гамбургская драматургия/ Пер. с нем. И.П.Рассадин. – М.: Прогресс, 2017. – 527 с.
5. Софокл. Антигона/ Пер. А.В.Парина. – М.: Наука, 1990. – 130 с.
6. Пропп В.Я. Морфология сказки. -М.: Наука, 1969. – 168 с.
7. Ухтомский А.А. Доминанта души: Из гуманитарного наследия. – Рыбинск, 2000. – 608 с.
8. Фромм Э. Душа человека/ Пер с нем. В.А.Закс. – М.: Республика, 1992. – 430 с.
9. Әуезов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987. – 360 б.